ҚҰҚЫҚ

ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ЕНГІЗІЛУДЕ

2-бетте

ҚОҒАМ

БАЛАЛАРЫМЫЗДЫ ТЕРІС АҒЫМНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

3-бетте

АҚПАРАТ

ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ИСЛАМ: ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ ҮЙЛЕСІМІ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №80 (1939) 12 шілде 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ШВЕЙЦАРИЯ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ АЯСЫН КЕҢЕЙТУГЕ НИЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцария Ұлттық банкін басқарушылар кеңесінің төрағасы Мартин Шлегельді қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан мен Швейцария Ұлттық банкі арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев швейцариялық мамандар Қазақстанның Ұлттық банкіне тәуекелдерді басқару және төлем жүйелері секілді бағыттар бойынша техникалық көмек көрсететінін атап өтіп, олардың қызметіне жоғары баға берді.

Өз кезегінде Мартин Шлегель Қазақстан мен Швейцария ұлттық банктері арасында ақша-кредит саясаты және цифрлық қаржы салаларындағы диалогты жолға қойып, өзара ықпалдастық аясын кеңейтуге ниетті екенін жеткізді.

Сонымен қатар, әңгімелесу барысында валюта нарығын нығайту, ұлттық валюталарға сенімді күшейту шаралары және цифрлық активтерді дамыту мәселелері қарастырылды.

AKORDA.KZ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ОРЫНДАЛУДА

МАҚСАТ – ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНІҢ СЕНІМДІ ЖҰМЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ел экономикасы жан-жақты дамып келеді. Мегаполистерді былай қойғанда аймақтардың өзінде Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар мен Логистикалық және индустриялық парктер жаппай ашылуда. Бұл өз кезегінде елімізде электр қуаты тапшылығын тудырды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 117,9 миллиард кВт/сағатты, ал тұтыну 119,9 миллиард кВт/сағатты құраған. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің алдына Қазақстанның электр энергиясымен өзін-өзі толық қамтамасыз етуіне қол жеткізу және резервтерді қалыптастыру міндетін қойған болатын.

Экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған бұл стратегиялық міндетті жүзеге асыру бағытында Энергетика министрлігі 2035 жылға дейін қосымша 26 ГВт-тан астам энергия өндіруді көздейтін генерацияны дамыту бойынша кешенді бағдарламаны жүзеге асырып жатыр. Энергетика министрі Ерлан Аккенженовтың айтуынша, қазір 10 ГВт қуат көзін іске қосу жобалары пысықталуда. Тағы 5 ГВт шамасындағы қуатты қолданыстағы стансаларды жаңғырту есебінен қамтамасыз ету жоспарланған. Биыл 166 МВт – дәстүрлі, 455,5 МВт ЖЭК қуаты іске қосылатын болады.

Бұл орайда Мемлекет басшысының 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бағытына сәйкес келетін нөлдік зиянды қалдықтарға жақын таза көмір технологияларымен байланысты перспективалы жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аударылып отыр. Атап айтқанда, ескірген көмір стансаларын кезең-кезеңімен ауыстыруға бағытталған екі ірі жоба қолға алынған. Олар – Екібастұздағы қуаттылығы шамамен 2,6 ГВт болатын ГРЭС-3 пен Курчатов қаласындағы қуаты 600-700 МВт болатын ЖЭО құрылысы.

«Самұрық-Қазына» қоры Түркістан облысында қуаты 1 ГВт болатын бу-газ қондырғысының құрылысы жобасын жүзеге асырып жатыр. Ал, «Самұрық-Энерго» холдингі Екібастұз ГРЭС-2 стансасын кеңейту аясында үшінші энергоблоктың құрылысын жүргізуде. Алматыда ЖЭО-2 және ЖЭО-3 орталықтары газға көшіріліп, Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жаңа ЖЭО-лар салынатын болады.

Батыс аймақтың энергетикалық жүйесін елдің Біртұтас электр энергетикалық жүйесімен біріктіру және Оңтүстік аймақтың қуатын арттыру жұмыстарымен «KEGOC» АҚ-ы айналысуда. Президенттің тапсырмаларын орындау аясында екі ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Біріншісі – 500 кВ «Қарабатан – Өлке» электр жеткізу желісі. Ол Атырау және Ақтөбе облыстарында электрмен жабдықтау сапасын арттыруға бағытталған. Екіншісі – Оңтүстік аймақтың электр желілерін нығайту аясында 500 кВ «Шу – Жамбыл – Шымкент» электр жеткізу желісінің құрылысы. Басқарма төрағасы Нәби Айтжановтың айтуынша, барлық жұмыстарды 2027 жылдың ортасында аяқтау жоспарланған. Жалпы KEGOC 2,3 триллион теңгенің 8 ірі инвестициялық жобасын жүзеге асырмақ.

Осы мәселе қаралған Үкімет отырысында Премьер-Министр Олжас Бектенов энергожүйенің тұрақты әрі болжамды жұмысы өнеркәсіптік өсім мен өңірлердің дамуына негіз болып, жаңа жобалардың іске қосылуына жағдай жасайтынын айта келе, жаңа қуаттардың белгіленген мерзімде іске қосылуын қамтамасыз ету қажеттігін атап көрсетті.

Қ. САБЫРҰЛЫ.
Жамбыл облысы.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАМБЫЛДА САҚТАНДЫРЫЛМАҒАНДАР САНЫ АЗАЙДЫ

Жамбыл облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне тартылған тұрғындар саны артып келеді. Өңірде сақтандырылмаған азаматтар саны 6 мыңнан астам адамға қысқарды. Бұл туралы облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте белгілі болды.

Аппараттық жиында облыс халқын медициналық сақтандыру жүйесіне тарту мәселесі қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» АҚ облыстық филиалының директоры Ғайни Аймағанбетова баяндама жасады. Оның айтуынша, МӘМС жүйесі енгізілген 2017 жылдың шілдесінен 2025 жылдың 31 мамырына дейін облыс бойынша қор есебіне 118,2 миллиард теңгеден астам жарна мен аударым жиналған. Ал, биылғы жылдың алғашқы бес айының ішінде бұл көрсеткіш 12,5 миллиард теңгені құрады. Жүйе іске қосылғалы бері Жамбыл облысының тұрғындарына 208,7 миллиард теңгенің медициналық қызметі көрсетілген. 2025 жылы денсаулық сақтау саласына 127,7 миллиард теңге бөлінсе, оның 62,9 миллиард теңгесі МӘМС қоры есебінен қарастырылған.

Жыл басында сақтандырылмаған азаматтар саны 231921 адам болса, 1 шілдедегі жағдай бойынша бұл көрсеткіш 225670 адамға дейін төмендеген. Яғни, 6251 адам жүйеге қосылған.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сержан Назарбектің айтуынша, Жамбыл облысы сақтандырылмағандар саны ең көп азайған үш өңірдің қатарында.

— Бұл — халықтың медициналық сақтандыруға деген қызығушылығының артқанының, сондай-ақ жүргізілген ақпараттық түсіндіру жұмыстарының нәтижесі. Дегенмен, әлі де атқаратын жұмыс көп, — деді басқарма басшысы.

Облыс әкімі Меркі, Шу және Қордай аудандарында сақтандырылмаған азаматтардың үлесі әлі де жоғары екенін атап өтіп, әрбір елді мекенде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

— Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету — басты міндет. Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне барлық тұрғынды тарту — осы жолдағы маңызды қадам. Қор мен денсаулық сақтау басқармасы аудан әкімдіктерімен бірлесе жұмыс істеп, әрбір азаматтың қамтылуын қамтамасыз етуі тиіс, — деген Ербол Қарашөкеев мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, жарна төлемеген жеке кәсіпкерлерді анықтап, тиісті шаралар қабылдау қажеттігін ескертті.

Кеңесте сонымен қатар, өңірде сібір жарасы мен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы жүргізіліп жатқан алдын алу шараларының барысы да талқыланды. Мамандар қауіпті аурулардың алдын алу мақсатында тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатқанын мәлімдеді.

Аппараттық кеңес қорытындысы бойынша жауапты тұлғаларға жұмыстың тиімділігін арттыру, халықпен тығыз байланыс орнатып, медициналық сақтандыру жүйесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

КӨКСУДА ЖАҢА ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ПУНКТ АШЫЛДЫ

Абай ауданына қарасты Көксу ауылында жаңа модульдік ветеринарлық пункттің ашылу салтанаты өтті. Бұл нысан ауылдық жерлердегі мал дәрігерлік қызмет сапасын арттыруға, жануарлар денсаулығын бақылауға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды бастама.

Жаңа ветеринарлық пункт – біріздендірілген блок-модульдерден жасалған заманауи ғимарат. Пункт үй және ауылшаруашылығы жануарларын диагностикалау, түрлі аурулардың алдын алу, вакцинация жүргізу, емдеу және жоспарлы тексеру жұмыстарын сапалы атқаруға арналған құрал-жабдықтармен толық қамтылған.

— Қолайлы әрі қазіргі заман талаптарына сай ветеринарлық пункттің ашылуы – өңіріміздегі мал шаруашылығы өнімділігін арттыру жолындағы маңызды қадам. Бұл — ауыл тұрғындары үшін жануарлардан алынатын өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тетік. Сонымен қатар, ветеринар мамандардың жұмыс жағдайын жақсартып, тұрғындар мен шаруа қожалықтарына көрсетілетін қызметтің сапасын едәуір көтереді. Мұндай қадамдар эпизоотиялық қауіпсіздікті күшейтіп, ауылшаруашылығы саласының тұрақты дамуына үлес қосады, – деді құттықтау сөзінде облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов.

Аталған жоба Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылған. Бұл бастама – облыстағы ветеринарлық инфрақұрылымды жаңғырту жолында қолға алынған жүйелі шаралардың бірі. Қарағанды облысында алдағы жылдары осындай бірнеше модульдік ветеринарлық пункт ашу жоспарланып отыр. Бұл ауылшаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға сеп болмақ.

А. ӘБІЛ.
Қарағанды облысы.

ҮКІМЕТ

ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ЕНГІЗІЛУДЕ

Премьер-Министр Олжас Бектенов «Яндекс Global»-дың бас директоры Даниил Шулейкомен және «Yandex Qazaqstan»-ның жетекшісі Тимур Шалекеновпен кездесті. Онда Қазақстанда цифрлық сервистерді дамыту, платформалық жұмыспен қамту және технологиялық жобаларды іске асыру перспективалары талқыланды.

Қазіргі уақытта Үкімет өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға салық салу ерекшеліктерін ескере отырып, платформалық жұмыспен қамтуды тең дәрежеде реттеуді жолға қою бойынша жұмыс жүргізуде. Осы тұрғыда «Yandex Qazaqstan» жүзеге асырып жатқан бастама ерекше бір маңызға ие.

«Яндекс Такси» еліміздегі алғашқы салық агенті болып отыр. Өткен жылдың қыркүйек айында іске қосылған сәттен бастап платформаға қатысушылардың жалпы саны 86 мың адамға жетті. Жобаны дамытуға 4,9 миллиард теңгеден астам қаржы инвестицияланды, ал агент ретінде компаниядан 4,3 миллиард теңге салық ұсталып, бюджетке аударылды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарға ыңғайлы болу үшін цифрлық шешімдерді қарқынды түрде енгізуді тапсырды. Платформалық жұмыспен қамтуды реттеу барысын тиімді ету үшін Үкімет әлеуметтік қорғауға, салық салуға және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен фрилансерлердің құқықтық мәртебесіне жаңаша әдіспен қарауға мүдделі. Аталған секторды көлеңкеден шығару және экономикаға белсенді түрде тарту үшін 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа салық режиміне біртіндеп көшу маңызды. Бұл жердегі мәселе біздің жүздеген мың азаматтарымыздың қызметіне қатысты болып отыр», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Яндекс Global»-дың бас директоры Даниил Шулейко біздің елмен әріптестік жемісті жүзеге асып жатқанын атап өтіп, компанияның технологиялық бастамаларын дамытуды жалғастыру ниетін жеткізді.

Одан бөлек, кездесу барысында қалааралық жолаушылар тасымалы сервисін дамыту жоспарлары да қаралды. Бүгінгі таңда «Yandex Qazaqstan» еліміздегі негізгі бағыттардың басым бөлігін қамтып отыр.

Жолдардағы қауіпсіздік мәселелеріне де баса назар аударылды. Жолаушылар мен жүргізушілердің қауіпсіздігі үшін жүргізуші куәліктерін тексеру енгізілді, селфи-бақылау және автомобильдерді тұрақты фототексеру жүргізіледі. Автоматты басқару жүйесі жылдамдықты, жүргізушілердің шаршау деңгейін және басқа да параметрлерді бақылайды. Штаттан тыс жағдайлар мен ЖКО нақты уақыт режимінде тіркеледі, сондай-ақ маршруттан ауытқулар және басқа да тәуекелдер бақыланады.

Компания жүзеге асыратын басқа да технологиялық бастамаларға назар аударылды. Мәселен, пилоттық режимде 1414 байланыс орталығы арқылы қазақ және орыс тілдерінде сөйлейтін жасанды интеллект негізіндегі дауыстық көмекші енгізілуде. Қала картасында шұғыл жедел жәрдем шақыруларын визуализациялау жобасы әзірленуде.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар бірлескен жұмысты жалғастыруға дайын екендерін білдірді. Премьер-Министр цифрлық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру бойынша жауапты ведомстволарға бірқатар тапсырма берді.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАРАСОРА-2025

ЕКІ ТОННАҒА ЖУЫҚ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНДІ

Биылғы жылдың алғашқы алты айында Жамбыл облысында есірткі қылмысына қарсы күрес күшейтілді. Жамбыл облысы Полиция департаментінің мәлімдеуінше, облыс аумағында жалпы саны 249 есірткі құқықбұзушылығы тіркелген, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12 дерекке артық болып отыр. Анықталған құқықбұзушылықтардың 115-і қылмыс ретінде тіркелсе, 134-і қылмыстық теріс қылықтар санатына жатқызылды.

Қабылданған жедел-іздестіру шаралары нәтижесінде 1 тонна 882 келі түрлі есірткі заттары заңсыз айналымнан алынып, тәркіленіпті. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар, есірткі тасымалдаудың 11 арнасы әшкереленіп, өзге өңірлерге жөнелту әрекеттерінің жолы кесілген. Жыл басынан бері заңсыз есірткі тасымалымен айналысқан 12 адам ұсталып, олардын 150 келіден астам кептірілген марихуана, 130 келі гашиш тәркіленген. Сондай-ақ синтетикалық есірткімен айналысқан 14 адам құрықталып, олардан 10 келіден астам синтетикалық есірткі мен 2 тоннаға жуық прекурсорлар тәркіленіпті. Бір есірткі зертханасы анықталып, қызметі тоқтатылған.

Синтетикалық есірткінің интернет арқылы таралуының алдын алу мақсатында «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі арқылы 1983 сайт бұғатталса, «Антифрод» жүйесі бойынша 1500 банк шоты бұғаттауға жолданып, 50 миллион теңгеден астам қаражаттың заңсыз қолданылуына тосқауыл қойылған. Көшелер мен ғимарат қабырғаларындағы 225-тен астам граффити-жазба анықталып, арнайы бояумен өшірілді.

Алдын алу және түсіндіру жұмыстары да назардан тыс қалмапты. Облыстағы мектептер мен колледждерде, сондай-ақ жастар көп шоғырланатын орындарда 506 профилактикалық іс-шара өткізілген. Аталған іс-шараларға 45500-ден астам оқушы мен жасөспірім қамтылды.

2025 жылдың 1 маусымы мен 30 қазаны аралығында облыс аумағында «Қарасора-2025» республикалық жедел-профилактикалық операциясы өтіп жатыр. Іс-шараның алғашқы айында Полиция департаменті мен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен рейдтері барысында 1200 тоннадан астам жабайы қарасора жойылған.

Есірткіге қарсы күрес бағытындағы бұл жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын таппақ.

Г. НАУРЫЗБАЕВА.
Жамбыл облысы.

СОТ ЗАЛЫНАН

СОТ ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРДЫ

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты «Т.» ЖШС-нің жеке сот орындаушысына қатысты атқарушылық құжатты қайтару жөніндегі әрекеттерді заңсыз деп тану және атқарушылық іс жүргізуді қайта бастау міндеттемесі туралы талап қоюы бойынша істі қарады.

Сот жеке сот орындаушысының өндірісінде Жамбыл облысының МАЭС шешімі негізінде талап қоюшының пайдасына басқа ЖШС-тен 1,6 миллион теңге мөлшерінде қарызды өндіріп алу туралы атқарушылық іс барын анықтады. ЖСО атқару құжатын орындаусыз қайтарған, ал талап қоюшы бұл әрекетті заңсыз деп санап, сотқа жүгінді.

Судья жүргізген татуластыру рәсімдерінің нәтижесінде істі қарау барысында тараптардан медиативтік келісімді бекіту туралы өтінішхат келіп түсті. Келісім шарттарына сәйкес талап қоюшы талап қою арызын қайтарып алуға, ал жауапкер ЖСО екі жұмыс күні ішінде атқарушылық құжатты қайтару туралы қаулының күшін жоюға және «Т.» ЖШС-нің пайдасына берешекті өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді қайта бастауға міндеттенеді.

Сот келісім шарттарының заңға сәйкестігін және тараптардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуын тексергеннен кейін келісімді бекітті. Әкімшілік іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды, талап қоюшыға мемлекеттік баж қайтарылды.

Сот ұйғарымы заңды күшіне енді.

Жамбыл облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының баспасөз қызметі.

МЕДИАЦИЯ

ДАУЛАРДЫ БАЛАМАЛЫ ШЕШУДІҢ ЖАҢА ТҮРІ

Медиация арқылы істерді сотқа жеткізбей шешіп отырған елдер баршылық. Өздерінің құқықтық мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдаланып отырған бұл елдерде жазасын өтеп жатқандардың саны әлдеқайда аз. Өйткені, дамыған елдер қаржы үнемдеудің әдістерін жақсы меңгерген. Олар түзеу мекемелеріне жіберілген сотталушыларды асырағаннан гөрі жазасы жеңілдерді жұмысқа жегу арқылы жазалағанды жөн көреді.

Осы үрдіс елімізде де өз жалғасын тауып келеді. Президентіміздің сот тәртібімен қаралуға жататын дау-дамайларды азайту мәселесіне назар аударуды, соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін, соның ішінде, бітімгершілік және медиация процедураларын енгізу туралы тапсырмасының негізінде 2011 жылдың 28 қаңтарында ҚР-ның «Медиация туралы» Заңы қабылданды. Аталған Заңға сәйкес Қазақстанда дауларды баламалы шешудің жаңа түрі – медиация енгізілді. Медиация – өзара қолайлы шешімге келу мақсатында медиатордың бейтарап жақ көмегімен тараптар арасында дауды (шиеленісті) реттеу тәртібі.

Медиациялық тәртіптің мақсаты – қос тарапты бірдей қанағаттандыратын және шиеленіскен дауласушылық деңгейін төмендететін өзара тиімді әрі өзара қолайлы, бейбіт келісімге келу.

Сот өндірісінен айырмашылығы – медиация барысында «кінәлілер» мен «кінәсіздер» деген тараптар болмайды. Өйткені, бұл құқық саласы қылмыс жасаушылар қатарын бірыңғай бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адам құқықтары мен бостандығын қорғауды және қалпына келтіруді көздейді. Басқаша айтқанда, медиация мүмкіндігіне қарай істі сотқа жеткізбеу мақсатын көздейді.

Сот – жария үдеріс, ал, медиация құпиялылықты қамтамасыз етеді, бұл медиатордың рәсім барысында мәлім болған ақпаратты оны ұсынған тараптың келісімінсіз жария қылуына жол бермейді. Сәйкесінше, медиатордан куәгер ретінде жауап алуға рұқсат етілмейді. Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Медиация барысында тараптардың тең құқылықты көздейтіні сөзсіз, сондай-ақ оларға тең міндеттер жүктеледі.

Медиация рәсімі кеңінен қолданылған қоғамда даулы жағдайдың көрсеткіштік деңгейінің төмендеуі, экономикалық, еңбек, отбасылық дауларды шешу мәдениетінің артуы, сотталушылар мен сотталғандар санының азаюы, ерікті түрде сот шешімдерін орындау пайызының ұлғаюы және бюджеттік шығындардың азаюы көрініс табады. Сондай-ақ сот талқылауына қарағанда, медиацияның дауға, іске қатысушы тараптар үшін келесі факторлар басты тиімділік болып табылады: бұл – мәжбүрлі емес, ерікті процесс. Медиатор тараптардың өзара келісімі бойынша таңдалады. Дау бойынша тараптар түпкі шешімді өз мүдделері тұрғысынан өздері қабылдайды. Тараптар мемлекеттік баж, қорғаушының және басқа да өкілдердің қызметі үшін төленетін шығындардан босатылады, яғни, қаражат үнемдеуге қол жеткізеді.

Медиация – уақыт үнемдеудің басты жолы. Медиация рәсімінің түпкі шешімі екі тарапты да қанағаттандырады, ал, сот шешіміне қайтқен күнде бір жақ наразы болып, дау шиеленісіп кетуі мүмкін. Медиация – соттардағы жүктемені азайтуға, судья ісін жеңілдетуде қол жеткізуге мүмкіндік туғызады деген сенім тудырады. Дана халқымыз «Ел ішінде дау көбейсе, ел сыртында жау көбейеді», – деп ұрпағын ынтымаққа, бірлікке шақырса, «Кешірімді бол» деп, ортақ мәмілеге келуге, бірлікке, бітімгершілікке үндейді. Бұл да медиация принциптері дала демократиясында кеңінен қолданылғанын айғақтаса керек. Сондықтан, ел ішіндегі халықты татуластырып отыру, өзара туындаған түрлі кикілжіңдерді бейбіт жолмен шешу билердің үлкен міндеті іспеттес.

Ж. ҚАЛЫБАЕВ.
Жамбыл облысы.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

ӘДІЛДІК ЖОҚ ЖЕРДЕ ПАРА БЕЛЕҢ АЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың Конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқықбұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқықбұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса,Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Г. РАХИМОВА,
Мойынқұм аудандық сотының сот әкімші басшысы.
Жамбыл облысы.

ДІНІҢ ТҰРСЫН ДІН АМАН

БАЛАЛАРЫМЫЗДЫ ТЕРІС АҒЫМНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Халқымыз қай кезде де бауырын, жат жұртты да өзектен теппей, өмірін жалғауына жәрдем көмегін аямаған. Тағдыр тәлкегімен ел аумағына келген этностардың тілі мен діні, дәстүр-салты ғана емес, діни көзқарасы мен наным сенімі де өзі үшін маңызды. Оған қол сұғу біздің асыл дінімізде қошталмайды. Сондықтан да біздің елімізде ресми тіркелген дәстүрлі дінді ұстанғандардың құқы заңмен қорғалып отыр.

Балаларымызды теріс ағымдардан сақтандырудың жолы қандай?

Ата-аналар тарапынан дін өкілдеріне қойылатын сұрақтың көпшілігі осы. Біздің бұған беретін жауабымыз – балаларды үй-үйде ұйымдастырылатын беймәлім шараларға жіберуге болмайды. Қазір жер-жерде мешіттер, заңды бекітілген өкілдер бар. Үлкен-кішінің жұма намаздан қалмағаны абзал. Шынайы іліммен қаруланған, мемлекеттік құрылым мазмұнымен қабысатын, конституциялық заңды құрметтейтін қағидаларын қызық ете алған имамдардың насихаттары ешкімді де адастырмасы кәміл. Діни білім алғысы келетін талапкерлерді өзге қалаға діни оқу орнына жіберетін болсаңыз ол оқу орны жайлы ҚМДБ-дан толық мағлұмат алып, рұқсаты бар-жоғын анықтап алған жөн.

Діни секталардың тарихы, діни уағызы ойдан шығарылған болса да соған имандай сеніп, соңынан еру, ол сол діндердің идеялық мазмұнының күштілігінен емес, адамдардың діни сауатының таяздығынан. Біз әрдайым діни экстремизм, діни терроризм бағытындағы тақырыптарды насихаттайтын желілердегі уағыздарға кіріп кеткен жастардың көптігін аңғарамыз. Менің айтарым, діни экстремизмнің алдын алу үшін ең әуелі осы әлеуметтік желілерге сақ болу керек. Қазір жастардың көбі «Тик-ток», «В контакте», «Инстаграмм» желісінде ақпарат іздеп отырып, түрлі қияли шытырмандарға шатылып жатады. Сондықтан жасөспірімдер діни бағытта сауалдар болғанда желіге жүгінбей, имамдарға тікелей байланысқа шығып, сауалдарына нақты жауап алғандары жөн. Адам жүрегі Алланы еске алумен тынышталады. «Муфтият KZ» сайтына кіріп, ұстаздарды тыңдау керек.

Ең бірінші есте сақтайтын нәрсе қалаға жаңадан келіп, қиналып тұрған жанды олар бірден таниды. Оларға сыпайы көмек көрсету арқылы өздеріне тартып, сенімге кіреді. Қолұшын беріп, көмектесуге дайын тұрады. Сондықтан беймәлім адамдармен жақын жұғысып, тығыз қарым-қатынас орнатудан сақ болғаны жөн.

Ислам діні – бейбітшілік пен жақсылықтың діні. Оның шарттарын мүлтіксіз орындау парыз. Бірақ, мектеп оқушыларына ең әуелі өздеріне міндет етіп қойылған сабақтарын оқуда мұғалімнің айтқанын істеп, мектеп ережесін орындау парыз. Кей оқушылар сабақтан қашып, жұма намазына келемін деп әрекеттенеді. Ұстазды алдап, жұмаға келгенде Алла разылығын алу мүмкін емес. Өйткені, Алла жалған айтушыларды сүймейді. Әркім өзінің басқарушысына бағынуы керек. Ораза тұту мәселесінде де солай. Денсаулығын жүдетіп, сабақ оқуға кедергі келтірмейтіндей мықты қажырың болмаса, әлсіздікке ұшырап, не сабақты дұрыс оқымай, өзінің денсаулығына да қиындық келтіретін ауыртпашылықтарын байқасақ, онда дімкәс жандарға ораза парыз етілмеген. Өйткені, ораза – парыз, денсаулық аманат. Бір-бірімен үйлесіп, үкімді орындау уәжіп.

Жасөспірімдерге айтарымыз, разылықтың үлкені ата-ананың разылығында. Солардың көңілін шат қылу арқылы есепсіз сауапқа кенелеріңді ұмытпа. Ата-ананың, үлкен кісілердің алғысы мен батасын көп алсаң Алла көтереді. Қай ортада болмасын біліміңмен емес, алдымен мінезіңмен ұнамдысың.

Еліміз жаңарып, әділетті қоғамға бет алған қазіргі кезеңде діннің потенциалын тиімді пайдалану өмір талабы десе де болады. АҚШ-та «Әрбір отбасын шіркеуге айналдырайық» деген ұранның болуы кездейсоқтық болмаса керек. Отбасы – барлық тәрбиенің бастауы. Жөргегінде тазалықпен суарылған бейкүнә болмысқа бөленіп өскен сәби, есейгенде елдің қамын жейтін, біреудің ақысына кірмейтін, ақ адал маңдай теріне сүйенген арлы азамат болып өсетіні анық. Олай болса, жастарымызды таза жолдан ауытқымайтын адалдыққа тәрбиелеу – ортақ міндетіміз екенін ұмытпайық.

Г. ЖЫЛҚЫБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН

«А» ВИРУСТЫ ГЕПАТИТІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ ҚАЖЕТ?

«А» вирусты гепатиті – бауырды зақымдайтын, сарғаю мен жалпы улану белгілерімен қатар жүретін, жедел басталатын жұқпалы ауру. «А» вирусты гепатитіне барлық жастағы адамдар сезімтал, әсіресе жастар арасында иммунитеті жоқ тұлғалар аталған жұқпадан сақталмаған.



Жұқпа көзі – науқас адам, өзінің зәрі мен бөлінділері арқылы қоршаған ортаға миллиарттаған вирус бөледі. Зақымдану вирус бөліктерінің лас қол, тағамдық заттар мен су арқылы асқазан-ішек жолдарына түсуінен басталады.

Негізгі берілу жолдары:

Тағам арқылы – науқас адамның жеке бас гигиена талаптарын сақтамай жасаған тамақ өнімдері, дұрыс термиялық өңделмеген тағам, ластанған қолмен залалданған тағам арқылы жүзеге асады.

Тұрмыстық-жанасу арқылы – лас қол немесе қоршаған орта заттары арқылы жүзеге асады. Жұқпаның берілу факторлары болып есіктің ұстағыштары, санитарлық-техникалық құралдардың крандары мен ұстағыштары, баспалдақтың тіреулері болуы мүмкін.

Су арқылы – вирустармен залалданған суды ішу, тағам дайындау кезінде пайдалану мен тағам өнімдерін жуу кезінде жүзеге асады.

Аурудың белгілері: вируспен залалдану мен ауру белгілерінің пайда болуы аралығы 4-50 күн аралығында, науқастың тәбеті бұзылып, оң жақ қабырға астында ауру сезімі, жүрек айну, құсу пайда болады. Көп жағдайда ауру тұмау тәрізді басталады: науқастың дене қызуы көтеріліп, мұрнынан су ағу, жөтел, денедегі ауру сезімі болады. Соңғы 7-10 күндері науқастың зәрі мен бөлінділері арқылы вирустар сыртқы ортаға шығады, яғни науқас осы кезеңде қоршаған ортадағы тұлғалар үшін қауіпті адам.

Алдын алу шаралары:

•Белгісіз су көздерінен суды пайдаланбау, лас су қоймаларында шомылмау, сонымен бірге, кәріз сулары келіп құйылатын суларда, тығыз қоныстанған жағажайларда шомылудан бас тарту;

•Гигиеналық ережелерді міндетті түрде сақтау, дәретханадан кейін, сырттан кіргеннен кейін, тамақ ішер алдында қолды мұқият сабынмен жуу;

•Өз үйіңізді, аулаңызды, пәтеріңізді таза ұстау;

•Жеке бас гигиена заттары әр адамда жеке болуы қажет, оларды бөтен адамға пайдалануға беруге болмайды;

•Көкөністер, жеміс-жидектерді міндетті түрде қолданар алдында ағын суда мұқият жуу.

Жалпы алдын алу шараларынан басқа «А» вирусты гепатитіне қарсы арнайы алдын алу шаралары да белгілі, ол – иммундау. Екі рет жасалатын екпе адамды қорғайды. Екпе жұмыстары Қазақстан Республикасының алдын алу екпелерінің Ұлттық күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі.

Балаларды осы ауруға қарсы егу – өте маңызды!

А. НАУРЫЗБАЕВА,
«Белсенді ұзақ өмір» және «Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының дәрігері.
Түркістан облысы.

САЛЫҚ САЯСАТЫ

УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕНБЕГЕН САЛЫҚ ҮШІН ӨСІМПҰЛ ЕСЕПТЕЛЕДІ

Қазақстан азаматтарының атына тіркелген жылжымайтын мүлік үшін салық төлеу мерзімі таяп қалды. Мемлекеттік кірістер департаменті тұрғындарға қазан айына дейін мүлік салығын төлеу қажет екенін ескертеді. Уақытында төленбеген салық үшін өсімпұл қосылатынын еске саламыз.

Бүгінде салық төлеу процесі жеңілдетілген. Азаматтар мүлік салығының сомасын «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасындағы «ЖТ және ЖК алдағы төлемдер» сервисі арқылы және «Halyk Bank» және «Kaspi Bank» қосымшалары арқылы оңай біле алады әрі сол жерде бірден төлем жасай алады.

Салық заңнамасында белгілі бір санаттағы азаматтарға жеңілдіктер қарастырылған. Бұл туралы Салық кодексінің 226-бабының 2-тармағында нақты жазылған. Келесі тұлғалар мүлік салығы бойынша 1000 АЕК мөлшеріне дейін салық төлеуден босатылады: Кеңес Одағының Батырлары; Социалистік Еңбек Ерлері; «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алғандар; Үш дәрежелі Даңқ ордендері мен «Отан» орденінің иегерлері; «Батыр ана» атағы бар және «Алтын алқа» алқасымен марапатталған көпбалалы аналар; Бөлек тұратын зейнеткерлер (тек тіркелген мекенжай бойынша).

Төмендегі санаттағы азаматтар 1500 АЕК шегінде жеңілдікке ие: Ұлы Отан соғысының ардагерлері; Соғыс ардагерлеріне теңестірілген тұлғалар; Басқа мемлекеттер аумағындағы әскери ұрыстарға қатысқандар; ҰОС жылдары тылда еңбек еткен, марапатталған тұлғалар; Мүгедектігі бар азаматтар. Сонымен қатар, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар 18 жасқа дейін жеңілдікке ие. Мүгедектігі бар бала асырап отырған ата-аналардың біріне де белгілі бір мүлік түрлеріне жеңілдіктер қарастырылған (жер учаскелері, тұрғын үйлер, гараж және тағы басқа).

Сондай-ақ жеке кәсіпкерлерге кәсіпкерлік мақсатта пайдаланылатын нысандар бойынша жеңілдіктер бар. Алайда, Салық кодексінің 529-бабына сәйкес, олардың меншік құқығындағы тұрғын үй және өзге де нысандар жеңілдікке жатпайды.

Мүлік салығына қатысты толық ақпаратты 1414 бірыңғай байланыс орталығынан немесе салық салынатын нысан орналасқан мекенжай бойынша жергілікті мемлекеттік кірістер басқармасынан білуге болады.

Салық төлеу – әрбір азаматтың Конституциямен бекітілген міндеті. Құзырлы орган барлық тұрғындарды заңға бағына отырып, мүлік салығын мерзімінде төлеуге шақырады. Уақытылы төленбеген салық үшін өсімпұл есептелетінін естен шығармаңыз.

«ST» АҚПАРАТ.

МАМАН КЕҢЕСІ

ТЕМЕКІНІҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ЗИЯНЫ ЗОР

Мамандар темекі шегетін адамның өмірі орта есеппен 14 жылға қысқаратынын айтып отыр. Өйткені, темекі түтінінің құрамында көп мөлшерде болатын химиялық заттар адамның барлық дене мүшесіне теріс, соның ішінде канцерогенді әсер етеді.

Бұл процестер жөтелдің пайда болуына ықпал етеді. Уақыт өте келе жөтел созылмалы ауруға айналады. Көптеген химиялық зат өкпе арқылы қанға енеді. Ал, көміртегі тотығы қандағы оттегінің бір бөлігін алмастырады. Бұл барлық органда, соның ішінде миға оттегінің жетіспеуіне әкеледі. Қанға түсіп, улы заттар қан айналымы жүйесінің тамырларына және бірқатар органға әсер етіп, адамның мезгілсіз көз жұмуына әкеліп соғады. Біртіндеп онкологиялық ауру кез келген мүшеде, ең алдымен өкпеде, бронхта, ауыз қуысында және көмейде, сондай-ақ өңеште, асқазанда, бауырда, бүйректе дамиды. Тыныс алу қиындап, созылмалы өкпе ауруы секілді дерттерді одан әрі жетілдіреді. Улы заттар мен никотин әсері жүрек-қантамыр жүйесіне әсер етеді, бұл инфарктқа, сондай-ақ инсультке, перифериялық артериялардың зақымдалуына әкеліп соғады, бұл кезде адамның аяғы ауырғандықтан, жүруі де қиындайды.

Кәдімгі темекіге қарағанда электронды темекінің зияны аз ба?

Қазіргі таңда электронды темекінің түр-түрі кеңінен тарала бастады. Көпшілік электронды темекінің кәдімгі темекіге қарағанда зияны аздау деп ойлайды. Көпшілік ойлайтындай, электронды темекі шылым шегуді тастап кетуге көмектеспейді. Бұл туралы тіпті, темекі өнімдерін өндірушілердің өзі айтпайды. Олар темекі шегуді қоя алмайтындар туралы «алаңдаушылық» кейіп танытып, оларға «зиянсыз» темекі өнімдеріне ауысуды ұсынады. Бұрын бұл дозасы азырақ жіңішке темекі болса, қазір олар-электронды. Бірақ, темекінің зиянсыз немесе дозасы аз түрі жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы никотин жеткізудің электронды жүйелерін, оның ішінде электронды темекіні денсаулыққа қауіпті деп санайды. Өндірушілердің өздері электронды темекіде кәдімгі темекінің құрамындағы канцерогенді заттардың барлығы жоқ екенін алға тартып, адамға теріс әсер ететін басқа да зиянды заттардың пайда болатыны жөнінде жақ ашпайды. Дегенмен, қазірдің өзінде олардың зияны туралы ғылыми дәлелдер бар.

Темекінің ағзаға зиянды әсерін ғылыми тұрғыда дәлелдеу үшін де бірнеше жыл кетті. Қазір ғалымдар электронды темекінің де ағзаға зиян екенін айтып, дәлелдеуге тырысып жатыр. Алайда, дәрігердің сөзінше, дәстүрлі қолданыстағы темекіге қарағанда электронды темекіге тәуелді болу қаупі жоғары. Кейін қазір электронды темекі шегіп жүрген жастар уақыт өте қойғысы келсе де, қоя алмауы мүмкін екенін баса айтып өтті.

Темекінің зиянды салдарларының қалай алдын алуға болады?

Темекі өнімдерін жасөспірімдерге сататын жеке тұлғалар мен ұйымдардың жауапкершілігін арттырып, темекі өнімдерін сату ережелерін қатаңдату қажет. Яғни, дүкенге жай нан немесе балмұздақ алуға келгендердің көзіне түсіп тұрмауы керек.

Бұрынғыдай «Темекі шегу зиян!» деп қана ұрандатпай, тұрғындарға, әсіресе мектеп оқушыларының ата-анасына шылым шегудің зияны туралы ақпараттық тұрғыдан әсер ету керек. Темекіні тастағысы келетіндерге көмектесу үшін медициналық ұйымдарда кеңселер ашылуы тиіс. Медицина қызметкерлері темекі шегушілермен үнемі жұмыс істеп, әрбір кездесуде темекіні тастау қажеттілігі туралы айтуы керек. Өйткені, тәжірибе көрсеткендей, темекіні тастауға көмектесетін қаншалықты тамаша технологиялар болса да, ең бастысы - мотивация, шылым шегетін адамның темекіні тастауға деген ұмтылысы болмаса, олар - тиімсіз.

Жалпы темекінің зияны мен салдары жайлы аз жазылып жатқан жоқ. Соған қарамастан, мамандар темекі шегетіндер қатарының көбейіп жатқанын айтып, дабыл қағып отыр. Әсіресе, жастар арасында кең таралған электронды темекіні тұтынушылар көп. Сондықтан да оның алдын алу үшін мемлекеттік деңгейде ғана емес, әлемдік деңгейде жүйелі шаралар қабылдануы қажет.

А. ТӘЖІҚҰЛОВА,
Сарысу аудандық эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы.
Жамбыл облысы.

ЖОБА АЯСЫНДА

КЕШЕНДІ ТӘРБИЕЛІК ШАРАЛАР ОҢ НӘТИЖЕСІН БЕРЕ БАСТАДЫ

Тәртіп пен мәдениет — дамыған қоғамның іргетасы. Бұл қағидат еліміздің әрбір азаматы үшін маңызды болуы тиіс. Әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына осы ұғымдарды сіңіру – болашақ құқықтық, өркениетті мемлекеттің негізін қалаудың басты жолы. Осы бағытта Талдықорған қаласы мен облыс аумағындағы білім беру ұйымдарында жүйелі әрі кешенді жұмыстар қолға алынды.

Бүгінде облыстағы 120 мектепте «Адамгершілік-құқықтық жұмыс жөніндегі тәлімгер» жобасы іске қосылған. Жоба аясында оқушыларға құқықтық сауаттылық, мінез-құлық мәдениеті, заң талаптары мен экологиялық тәрбие бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Мақсат – мектеп жасындағы балалардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамға пайдалы азамат тәрбиелеу.

Жоба барысында «Құқықтық тәрбие – мәдениетті қоғамның негізі» атты арнайы ашық сабақтар, тренингтер мен дөңгелек үстелдер өткізілуде. Балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, буллинг пен кибербуллингтің зияны мен салдары жайында нақты мысалдармен түсіндірілуде.

Көпшіліктің пікірі бойынша, баланың құқықтық сауаты мен мәдениеті тек мектеппен шектелмейді. Тәртіп пен тазалыққа тәрбиелеу, қоршаған ортаға құрметпен қарау да – ата-ананың тікелей міндеті. Үйде балаға дұрыс бағыт беріп, заңды сақтау мен мәдениетке бейімдеу – үлкендердің үлгісі арқылы іске асады. Ата-аналар ең алдымен өздері қоқыс тастамау, қоғамдық орындарды бүлдірмеу, заңды бұзбау арқылы балаларына өнеге көрсетулері қажет. Сонда ғана жас буын да қоғамға құрметпен қарап, ережелерді сақтауды үйренеді.

Экологияны қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау – құқықтық мәдениеттің маңызды бөлігі. Қоғамдық орындарда тазалық сақтау, қоқысты арнайы орындарға тастау – мәдениетті адамға тән әрекет. Бұл – тек гигиеналық талап емес, бұл – тәртіп пен заңға бағынудың нақты көрінісі.

Қоғамда заңға бағыну мен тазалықты сақтау қатар жүруі тиіс. Бұл тұрғыда дамыған елдердің тәжірибесіне көз салсақ, ұсақ құқықбұзушылықтың өзіне үлкен мән берілетінін байқаймыз. Мұндай елдерде заңға бағыну өмір салтына айналған. Бұл – жоғары деңгейдегі өмір сапасының, қауіпсіздіктің, сенімділіктің кепілі.

Облыс көлемінде бүгінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында 600-ге жуық іс-шара ұйымдастырылып, оған 58 мыңнан аса жас қатысқан. Аталған жиындарда құқықтық сауаттылықты арттыру, өз құқығын білу және оны бұзбау, зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты өзекті мәселелер кеңінен қозғалуда.

Мұндай кешенді тәрбиелік шаралар оң нәтижесін бере бастады. Жастар заңға құрметпен қарап, мәдениеттілікке бейімделуде. Ал, бұл – болашақта тұрақты құқықтық мемлекет қалыптастырудың сенімді іргетасы.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Жетісу облысы.

ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ИСЛАМ: ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ ҮЙЛЕСІМІ

Қазақ елі – түркі текті, Ислам дінін ұстанатын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сақтай білген ұлт. Исламға дейін түркілердің сенімі көк тәңірлік болды. Көк тәңірлік сенімнің қасиетті кітабы, пайғамбары, тарихи жазба деректері болмаса да, түркі текті ұлттардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары болды. Сол әдет-ғұрыптар қазіргі уақытта да тұрмыстық жағдайда қолданылып келеді.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып құндылықтар қазақ елін өзіндік ұлттық негізі мен ерекшелендіріп тұрғанын есте ұстаған жөн. Сондай түркілік дәуірден бері сақталып келе жатқан дәстүрлердің бірі – жеті атаға дейін қыз алыспау, беташар, сәлем салу, қыз ұзату, жетісі, қырқы, жылдығы, ас беру секілді тәрбиелік мәні зор дәстүрлер. Аталған дәстүр мен әдет-ғұрыптар ислам шариғатына қайшы келмейді. Керісінше, ислам дінімен ұштасып, сабақтасып кеткен. Оған дәлел Алла Тағала Құран Кәрімің «Ағраф» сүресінің 199-аятында: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал», – деп бұйырған. Мұхаммедке (с.ғ.с) пайғамбарлық түскен кезде арабтардың арасында да алуан түрлі әдет-ғұрыптар, дағдылар бар болатын.

Мұхаммед пайғамбар олардың Құдай Тағаланың әмір-тыйымына кереғар келмейтінін қабылдап, қарсы келетіне тыйым салған. Яғни, қазақ халқында ислам дініне қайшы келетін бірде-бір салт-дәстүр, әдет-ғұрып жоқ екенін түсінген жөн.

Дегенмен, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ырым-тыйымдарын терістеу – қазақ мұсылмандық мәдениетін жоққа шығару және мансұқтау үрдісі бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Ислам дінімен қатар түркілік заманнан қалған әдет-ғұрыптар шариғатқа қайшы келетін тәңірлік сенімнен қалған ырым-тыйымдардың көпшілігінің ғұрыптық (ритуалдық) жағы ғана бұрынғыша сақталып, сенімдік жағы, мазмұны мүлде өзгеріп кеткенін көбісі түсіне бермейді. Түркілік мәдениеттен қалған бірқатар ырымдардың негізінде көне тәңірлік сенімнің ізі бар екенін ешкім жоққа шығармайды, бірақ, қазір мұндай ырымдарды ешкім ежелгі түсініктерге негіздеп жасамайтынын ескерген жөн. Мысалы, ақ босаға аттап, отқа май құйып жатқан қазіргі келіндер бұл ырымды от пен

майға табынғандықтан жасамайды, ата-баба дәстүріне деген құрметпен жасайды. Яғни, қазақы танымда қалыптасқан «шырағым сөнбесін», «отым өшпесін» деген игі тілекпен қайырын Алладан тілеп, отқа май құяды. «Оттың өшпеуі», «шырақтың сөнбеуі» қазақ үшін азаматының, отбасының аман болуы, шаңырағының шайқалмауы, ел-жұрттың тыныштығы дегенді білдіреді. Бұл ғұрыптың астарында «отқа май құйғанда от қалай лауласа, өмірі де солай жайнай берсін» деген ырымда жатыр.

Негізінде ырым мен наным бөлек. Ырым тікелей нанымның көрінісі болса, қазақ екеуіне екі атау бермес еді. Ырымда «осылай етсе, солай болады» деген үзілді-кесілді наным-сенім емес, «осылай етсек, солай болса екен» деген тілек, ниеттену, сұрау тұрады. Оның бәрін адам жақсылықтан үміт күтіп жасайды. Ал, жақсылықты жалғыз Жаратушының ғана беретінін атамыз қазақ «Жамандық көрсем өзімнен, жақсылық көрсем құдайдан» деп бір-ақ ауыз сөзбен жеткізген.

Осыған сәйкес, дініміздегі жақсы нәрсені ырымдау жайына келетін болсақ, исламтанушы ғалымдарымыз мынадай бір хадисті келтіреді. Пайғамбардың заманында мұсылмандар мен мүшіріктер арасында «Худайбия» келісімі жасалған. Сол келісімді жасасуға мүшіріктер тарапы Суһайл атты кісіні жібереді. Суһайл есімінің мағынасы «жеңілдік» дегенді білдіретін. Оны көрген Пайғамбар сахабаларына: «Істерің алға басып, жеңілдейтін болды. Олардың бұл адамды жібергені келісімді қалағаны ғой», – деп, Суһайлдің келуін жақсылыққа жорыған оқиғасын дәлел ретінде келтірсек болады.

Өкінішке қарай, кейбір азаматтар арабтың дәстүрін дін деп қабылдап, арабтар сияқты өмір сүргісі келіп, солар сияқты қара түсті ниқаб, паранжа киіп жүргені қынжылтады. Араб та, қазақ та – ислам діні ұстанатын ұлттар, бірақ дәстүрлері қабыса бермейді. Бір ғана баланың дүниеге келуіне байланысты кейбір рәсімдерді алайық. Арабтар нәрестенің дүниеге келгеніне 7 күн толғанда шашын алып, шашының салмағымен бірдей садақа береді. Қазақы дәстүрде дүниеге нәресте келгенде шілдехана жасалады, бесікке салынады, жиырма күнде кіші қырқынан, отыз тоғыз немесе қырық бір күнде үлкен қырқынан шығарады. Қырық ізгі тілек айтып, қырық қасық сумен жуындыру, шаш-тырнағын алу, келушілерге «жұғысты болсын» деп кәдесый беру (қазақша садақа) – қазаққа тән дәстүрлер. Сол сияқты, арабтар жылқының етін жемейді, қайтыс болғанда жетісін, қырқын, жылдығын жасау деген салт-дәстүр жоқ. Сондай-ақ арабтарда жеті атаға дейін қыз алмау деген қағида да жоқ. Бұндай құндылықтар қазақ пен арабтың дәстүрлеріндегі әдетғұрыптардың ерекшелігін көрсетеді.

Қазақ халқы, Абай айтпақшы, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп ислам дінін қабылдады. Бірақ арабтың дәстүрін қабылдаған жоқ. Керісінше, оларды тәрк етті. Арабтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қабылдамауымызға себеп болған, ислам діні мен қазақи әдет-ғұрыптардың сабақтасып, бүгінгі күнге дейін жетуіне үлкен үлес қосқан Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың арқасында екенін ұмытпағанымыз жөн. Қожа Ахмет Ясауи бабамыз түркілік әдет-ғұрыптар мен ислам дінін ұштастырып халыққа жеткізген.

Осы Ясауи бабамыздың ілімін дінтанушы ғалымдар дәстүрлі діни таным деп атап жүр. Дәстүрлі діни таным – қазақтың ұлттық болмысының өзегі. Қазақтардың діни танымы фиқһта Әбу Ханифа мәзһабын, сенімде Матуриди ақидасы мен Ясауи ілімінің қабаттарына негізделген. Яғни, қазақ жеріне Ханафи-Матуриди ілімін алып келген осы Ясауи баба болған. Осы діни түсінік бойынша қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары өміршең болып келді.

Әрине, «Әр елдің заңы басқа, иттері қара қасқа» демекші, өзге ұлттың мәдениеті мен әдет-ғұрпын білген, сыйлаған дұрыс. Бірақ, «Дәстүрі жараспағанның дәмтұзы жараспайды» дегендей, өзге ұлтардың мәдениетін бойымызға сіңіріп, қазақи дүниетанымнан айырылып, бірбірімізбен дауласып жүрмейік, ағайын.

Е. ЖАҚЫПОВ,
Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» бөлім басшысы.

Алматы қаласында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын беру реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша бекітілген тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгертуге ұсынылған өтінімі бойынша жария тыңдаулар өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын беру реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша бекітілген тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгертуге өтінімі бойынша жобаларын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Жария тыңдаулар **2025 жылғы 15 шілдедегі сағат 11:00-де** Алматы қаласы, Розыбакиева көшесі, 6 ғимараты, 1 қабат, 102 кабинет мекенжайы бойынша және Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (@dkrem.almaty) тікелей трансляциялануымен өтеді.

Байланыс телефондары:
Департамент: 8 727 279-51-05;
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ: 8 727 356-99-99.

В городе Алматы пройдут публичные слушания по заявке АО «Алатау Жарык Компаниясы» на изменение утвержденного до истечения его срока действия на регулируемую услугу по передаче электрической энергии

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Алматы приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по обсуждению проектов по заявке АО «Алатау Жарык Компаниясы» на изменение утвержденного до истечения его срока действия на регулируемую услугу по передаче электрической энергии.

Публичные слушания будут проводиться **15 июля 2025 года в 11:00 часов** по адресу город Алматы, улица Розыбакиева, здание 6, 1 этаж, 102 кабинет и с прямой трансляцией на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (@dkrem.almaty).

Контактные телефоны:
Департамент: 8 727 279-51-05;
АО «Алатау Жарык Компаниясы»: 8 727 356-99-99.

Алматы қаласында «Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ-ның бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифі мен тарифтік сметаны бекіту туралы өтінімі бойынша жария тыңдаулар өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды «Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ-ның бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифі мен тарифтік смета жобаларын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Жария тыңдаулар **2025 жылғы 18 шілдедегі сағат 11:00-де** Алматы қаласы, Майлина көшесі, 2/1 үй, Брифинг Рум бойынша және Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (@dkrem.almaty) тікелей трансляциялануымен өтеді.

Жария тыңдауларға Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасы арқылы қосылу үшін сілтеме: https://m.facebook.com/dkrem.almaty/ .

Байланыс телефондары:
Департамент: 8 (747) 664-19-32;
«Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ: +7 771 746-66-88.

В городе Алматы пройдут публичные слушания по заявке АО «Международный аэропорт Алматы» на утверждение тарифа и тарифной сметы на регулируемые услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Алматы приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по обсуждению проекта тарифа и тарифной сметы на регулируемые услуги АО «Международный аэропорт Алматы» по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути.

Публичные слушания будут проводиться **18 июля 2025 года в 11:00 часов** по адресу: город Алматы, улица Майлина, дом 2/1, Брифинг Рум с трансляцией на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (@dkrem. almaty).

Ссылка для подключения к публичному слушанию через официальную страницу Департамента в социальной сети «Facebook»: https://m.facebook.com/dkrem.almaty/

Контактные телефоны:
Департамент: 8 (747) 664-19-32;
АО «Международный аэропорт Алматы»: +7 771 746-66-88.

Петропавл қаласында жария тыңдаулар өтеді

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің СҚО бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды **2025 жылғы 18 шілде сағат 15:00-де** Петропавл қ., Парковая к-сі, 57В, 3-қабат, кабинет 335 мекен-жайы бойынша өтетін «Бочаров» ЖК тарату желілері арқылы су беру қызметі бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтіне тариф мен тарифтік смета жобаларын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Сонымен бірге, жария тыңдауларға «ZOOM» идентификаторы: 209 497 4546, құпия сөзі: 123 және «Facebook» қосымшалары (https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343) арқылы қатысуға болады.

Уәкілетті органның байланыс телефоны 8 7152-53-42-31.

В городе Петропавловск пройдут публичные слушания

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по СКО приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по обсуждению проекта тарифа и тарифной сметы на регулируемую услугу по подаче воды по распределительным сетям ИП «Бочаров» которые состоятся **18 июля 2025 года в 15.00 час.** по адресу: Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, ул. Парковая, 57 «В», 335-кабинет.

Также имеется возможность участия в публичных слушаниях посредством приложений «ZOOM» (идентификатор: 209 497 4546, пароль: 123) и «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343).

Контактный телефон уполномоченного органа 8 7152-53-42-31.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті **2025 жылғы 18 шілдесі сағат: 11-00-де** «КазСпецЭлектрод» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекен-жайда өткізіледі: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 148, 2 қабат.

Анықтама үшін телефондары: Департамент – 8 (7252) 32-15-07.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті **2025 жылғы 22 тамызы сағат:11-00-де** «ПетроКазахстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кірме жолдар саласы қызметтеріне 2026-2030 жылдарға арналған тариф жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекен-жайда өткізіледі: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 148, 2 қабат.

Анықтама үшін телефондары: Департамент – 8 (7252) 32-15-05.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 21 шілде сағат 11:00-де** «Жайықжылуқуат» АҚ-ның суды таратушы желілері арқылы беру қызметіне тариф және тарифтік сметаны бекітуге ұсынылған өтінімін қарау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды, мекен жайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, ЖЭО ауданы, «Жайықжылуқуат» акционерлік қоғамының әкімшілік ғимараты.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по ЗКО сообщает, что **21 июля 2025 года в 11:00 часов** состоится публичное слушание по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы на услуги подачи воды по распределительным сетям АО «Жайыктеплоэнерго» по адресу: Западно - Казахстанская область, г.Уральск, р-н ТЭЦ, административное здание акционерного общества «Жайыктеплоэнерго».

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) «СЕАД Логистик» ЖШС-нің жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметі бойынша бекітуге берілген тарифінің жобасын талқылау бойынша жария тыңдау **2025 жылғы 25 шілдеде сағат 11.00-де** Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі №5 Департамент ғимаратында өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдауға қатысу үшін депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласы тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де «Facebook» әлеуметтік желісіндегі Департаменттің ресми парақшасында жария тыңдауларға қатыса (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862) алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области (далее - Департамент) сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа на услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава ТОО «СЕАД Логистик» которое состоится в здании Департамента **25 июля 2025 года, в 11.00 часов** по адресу: город Кызылорда, ул. Жахаева №5.

На публичные слушания приглашаются депутаты, представители местных исполнительных и государственных органов, средств массовой информации, неправительственных организаций, независимые экспертизы и потребители.

Вместе с тем сообщаем, что жители г.Кызылорды и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также и в режиме онлайн на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: **www.salyq-gazet.kz**
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 436